



Тақырыбы: Саламатты Қазақстан бағдарламасы



Орындаған: Имамбердиев М.Мағыртай.А
Факультет: МПД
Курс:3
Қабылдаған Сатаева Л.Г.

ҚазАқпарат - 2015-2016жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты- елдің орнықты әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан азаматтарының денсаулығын жақсарту болып табылады.

Қоғамдық денсаулық сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық іс-қимылдың тиімділігін арттыруға;

Профилактикалық іс-шараларды, мақсатты зерттеп-қарауды күшейтуге, диагностиканы жетілдіруге, негізгі әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеу мен оңалтуға;

Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтерді жетілдіруге; Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінде медициналық көмекті ұйымдастыруға, басқару мен қаржыландыруды жетілдіруге;

Медициналық, фармацевтикалық білімді жетілдіруге; инновациялық технологияларды дамытуға және медицинаға енгізуге;

Халық үшін дәрілік заттардың қолжетімділігі мен сапасын арттыруға, денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық техникамен жарақтандыруды жақсартуға бағытталған.



2016-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН "САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН" МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ӘЗІРЛЕНУДЕ

- Бүгін ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаевтың Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмаларын жүзеге асыру аясында еліміздің әлеуметтік дамуына арналған баспасөз конференциясы өтті. Оған сондай-ақ ҚР білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіпов пен ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова қатысты. Сөйлеген сөзінде Б.Сапарбаев Президенттің Үкіметке жүктеген басты міндеті, бұл – экономикалық өсім қарқындарын сақтау, азаматтардың әл-ауқатын арттыру және жаңа жұмыс орындарын құру арқылы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету екенін атап өтті. Сонымен, жұмыссыздықтың артуына жол бермеу мақсатында сәйкес шаралар қабылданды. Атап айтқанда, барлық өңірлерде халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің Кешенді жоспарлары бекітілген, олармен 322 мыңнан астам адамды қамту жоспарланған. Бүгінгі таңда 191 мыңнан астам адам еңбекпен қамтылды. 2,2 млн. адамды қамти отырып, жұмыс орындарын және жалақыны сақтау бойынша 66 мыңнан астам меморандум жасалды. «Әлемдегі экономикалық дағдарысқа қарамастан, еліміз мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру аясында барлық әлеуметтік міндеттерді орындайды», - деп сендірді вице-премьер. Денсаулық сақтау саласына қатысты Б. Сапарбаев «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру кезеңінде халық денсаулығының негізгі көрсеткіштері оң динамикаға ие болғанын баса айтты.

-

2015–2020 жылдар аралығындағы кезең.

- Жастардың мүдделері мен қажеттіліктерін қозғайтын барлық бюджеттік бағдарламаларды іске асыруды бағалаудың нысаналы индикаторларын енгізу маңызды шарт болады. Жастар саясаты саласында мемлекеттік органдар іске асырып жатқан іс-шараларға талдау жүргізіліп, оның қорытындысы бойынша мемлекеттік жастар саясаты саласындағы міндеттерді іске асыру үшін нысаналы трансферттер бөлу мүмкіндігін қарастыру болжануда.
- Жастардың бастамаларын қолдау және оларға мемлекеттік және ақпараттық қызметтердің барлық спектрін көрсету орталықтарын құру туралы мәселе қарастырылатын болады. Ұлттық еріктілер желісі жаппай дамуда.
- Тұжырымдаманы ойдағыдай іске асырудың түйінді шарты білім беру жүйесінде жастармен өзара іс-қимыл жасау әдістерін қайта қарау болып табылады. Барлық жоғары оқу орындарында жас отбасыларға ақыл-кеңес қызметін ұйымдастыру, отбасы құндылықтарын насихаттау жөніндегі бағдарламаларды, спорт инфрақұрылымын, соның ішінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шеңберінде нысаналы бағдарламаларды іске асыру мүмкіндігі пысықталады. Барлық оқу орындарының спорт залдарын жаңарту, жалпы дене шынықтыруды және спортты өткізу стандарттарын қайта қарау мәселелерін зерделеу болжануда. Студенттік спорттың ұлттық лигалары жаппай құрылатын болады.

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша құрылған «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жоғары кәсіби әдістемелік орталыққа айналып, қызметі әлеуметтік зерттеулерді әзірлеуге және іске асыруға, мониторингіге, талдау шолуларын әзірлеуге және т.б. зерттеулерді іске асыруға бағытталады.
- Осылайша, жастармен өзара іс-қимыл жасаудың барлық тетіктері тұрақты даму процесінде болады, бұл ретте орталық деңгейде де, өңірлік деңгейде де мемлекеттік жастар саясатының нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуін жетілдіру басым бағытқа айналады.
- Жас қазақстандықтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, жастардың білім алуы және кәсіптік өсуі, олардың қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріне қатысу дәрежесін ұлғайту Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасын іске асыру нәтижесіне айналуға тиіс.
- «Қазақстан–2050» стратегиясының міндеттері мен мақсаттарын іске асыруға белсенді қатысу жаһандық бәсекелестіктің жаңа жағдайларында Қазақстанның қарқынды дамуын қамтамасыз етеді — жастардың жетістігі бүкіл ел жетістігінің берік кепіліне айналады.

Қорытынды

Қоғамды жаңарту және адами капиталға қойылатын талаптардың өсуі жағдайларында мемлекеттік жастар саясаты елді дамыту және қайта жаңарту құралына айналуға тиіс.

Бұл жастардың әлеуметтік қалыптасу процесіне қатысушылардың бәрінен жастарды өз проблемалары мен жалпы ұлттық міндеттерді шешуге тікелей тартуға бағытталған тәсілдерді әзірлеуді және оны дәйекті іске асыруды талап етеді.

Мұндай ауқымдағы мемлекеттік жастар саясатының міндетін жастардың ойдағыдай әлеуметтенуіне, мемлекеттілікті дамыту басымдықтарына қол жеткізуге бағдарланған жобалық тәсілді қолдану арқылы ғана шешуге болады. Мұның бәрі, сайып келгенде, жастар мен бүкіл халықтың өзіндік ұйымдасуы, Қазақстанның алдында тұрған міндеттердің ауқымына сай келетін бастамаларды дамыту — азаматтардың әл-ауқатының өсуі және қоғамдық қатынастарды жетілдіру үшін орнықты шарттарды қалыптастырады.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев біздің буынның сүйіп оқитын кітабына айналған «Қазақстан жолы» атты өз еңбегінде атап айтқандай, «Егер де жастар гуманизмді, білімді, жауапкершілікті, әділдікті таңдап алса және өзімшіл болмаса, онда олармен бірге табыс та ілесіп жүреді».

Қазақстанның жарқын болашағы бар, ол — **БІЗДІҢ ЖАСТАРЫМЫЗДЫҢ ҚОЛЫНДА!**